

## Жобалық басқару саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 9 сәуірдегі № 213/НҚ бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 470 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Жобалау басқармасында сертификатталған мемлекеттік қызметшілердің өсуі жөніндегі мәліметтер" жобалық басқару саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған қоса беріліп отырған нысан бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Жобалық басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Мусин*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросының

Басшысы

М. Тұрлыбаев

МО

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрінің  
2024 жылғы 9 сәуірдегі  
№ 213/НҚ бұйрығына  
қосымша

**"Жобалау басқармасында сертификатталған мемлекеттік қызметшілердің өсуі жөніндегі мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ұсынылады: жобалық басқару саласындағы уәкілетті органға.

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/34276?lang=ru>.

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: Жобалау басқармасында сертификатталған мемлекеттік қызметшілердің өсуі.

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: ЖБСМҚӨ-1.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең: 202\_ жыл.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей.

№ р/н	Жобалау басқармасында сертификатталған мемлекеттік қызметшілердің саны	
	Ағымдағы 20__ жылғы факт	Өткен 20__ жылғы факт
1	2	3
	4	7
	5	8

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны

"Жобалау басқармасында  
сертификатталған мемлекеттік  
қызметшілердің өсуі жөніндегі

**Жобалық басқару саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған "Жобалау басқармасында сертификатталған мемлекеттік қызметшілердің өсуі жөніндегі мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсініктеме**

1. Осы түсіндірме "Жобалау басқармасында сертификатталған мемлекеттік қызметшілердің өсуі" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы толтырады.

3. Нысанға құрылымдық бөлімшенің бірінші басшысының жетекшілік ететін орынбасары не оның міндетін атқарушы тұлға, оның тегін және аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысан жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірілмей беріледі.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан келесідей толтырылады:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда ағымдағы 20\_\_ жылғы жобалау басқармасында сертификатталған мемлекеттік қызметшілердің саны көрсетіледі;

3-бағанда өткен 20\_\_ жылғы жобалау басқармасында сертификатталған мемлекеттік қызметшілердің саны көрсетіледі.